Әділет

# "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 12 қараша N 92-ө. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242-II Z010242_ Заңын ("Егемен Қазақстан", 2001 жылғы 27 шілде N 159-160, "Казахстанская правда", 2001 жылғы 24 шілде N 173-174) іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі кесімдерінің тізбесі бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар Тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2001 жылғы 12 қарашадағы
N 92 өкімімен
бекітілген

**"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі кесімдерінің тізбесі**

| Р/с N | Үкімет кесімімен реттелуге тиісті қатынастар | Жауапты мемлекеттік орган | Үкіметке енгізу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Сәулет, қала құрылысы және | ЭСМ | 2001 жылдың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган туралы ереже | | IV тоқсаны |
| 2 | Өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы объектілер құрылысы сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыру тәртібі | ЭСМ | 2002 жылдың I тоқсаны |
| 3 | Құрылысқа арналған жобалар мемлекеттік сараптамасын жүргізу тәртібі | ЭСМ | 2002 жылдың I тоқсаны |
| 4 | Режимді аймақтар аумақтарын пайдалану тәртібі | ЭСМ, ҚорМ, ІІМ, ЭМРМ, ТОҚМ, АШМ, ЖРА | 2002 жылдың II тоқсаны |
| 5 | Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат ететін рәсімдерден өтудің бірыңғай тәртібі | ЭСМ | 2002 жылдың I тоқсаны |
| 6 | Тарих және мәдениет ескерткіштері, қорғалатын табиғат объектілері бар аумақтарда жерді пайдалану тәртібі | МАКМ, ТОҚМ, ЖРА, ЭСМ | 2002 жылдың II тоқсаны |

-----------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК